

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне астық қабылдайтын кәсіпорындар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 15 қаңтар N 141-II

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда К941000\_ қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 жылғы 10 қарашада "Егемен Қазақстан" және 2000 жылғы 9 қарашада "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мүлікті бағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 8 қарашадағы Z000096\_ Қазақстан Республикасының Заңы):

3-баптың 3-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Банктер мен астық қабылдау кәсіпорындарының құрылуына, қайта ұйымдастырылуына, банкроттығына және таратылуына, банк қызметін бақылау мен оны аудиторлық тексеруге, астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін бақылауға, банк операцияларының жекелеген түрлерін лицензиялауға, астық қабылдау кәсіпорындарының қойма куәліктерімен операцияларды жүзеге асыруға байланысты қатынастар банк қызметін және астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін реттейтін заң актілеріне қайшы келмейтін бөлігінде осы Кодекспен реттеледі."

2. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Z952200\_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат):

9-баптың 1-тармағының 45) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"45) астықты қабылдау, өлшеу, кептіру, тазалау, сақтау және тиеп жөнелту;".  
3. "Сертификаттау туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990434\_ Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат):

6-бапта:

1-тармақтың бесінші абзацы "егер өзге заң актілерімен өзгеше белгіленбесе" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың екінші абзацы "егер өзге заң актілерімен өзгеше белгіленбесе" деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.